



**Автор:** ТЛЕУБАЕВА АНАРА САНСЫЗБАЕВНА

**Пән:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

**Сынып:** 5-сынып

**Бөлім:** Ақпарат және оны өңдеу

**Тақырып:** Біздің айналамыздағы ақпарат

|                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-----------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 5.2.1.1 Тақырып мазмұнын оқушылардың өз бетімен меңгеруіне, практикалық дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Сабақтың мақсаты:                             | . Ақпарат ұғымы туралы білім алады. Ақпарат түсінігі, әртүрлі формадағы ақпараттармен , ақпаратты өңдеу, сақтау, қабылдау түрлері туралы білімі қалыптасады. Түсінеді, талдайды, қажет болған жағдайда білімін қолданады. Әртүрлі формадағы ақпараттармен жұмыс жасауды, ақпараттың қасиеттерін меңгереді. Білімін жинақтайды, рефлексия жасайды. Біздің айналамыздағы ақпараттың берілуі мен ақпарат алмасу түрлерімен танысады. |
| Тілдік мақсаттар:                             | Пәндік лексика мен терминология:ақпарат-информатика -information,                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| Күтілетін нәтиже:                             | Ақпарат түрлерімен толық танысады                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| Бағалау критерийлері:                         | Ақпарат түрін формасына қарай анықтайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| Құндылықтарды дарыту:                         | • Жауапкершілігі мол, белсенді азаматтық ұстанымы бар, • Өзінің жұмысына жауапкершілікпен • қарайды және жоғары жетістіктерге қол жеткізуге ұмтылады                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| АКТ-ны қолдану дағдылары:                     | Аудиожазба , таныстырылым.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| Пәнаралық байланыс:                           | Математика, бейнелеу өнері, музыка                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| Бастапқы білім:                               | ақпарат туралы ұғым                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері         | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Ресурстар                                                                                 |
|-------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сабақтың басы (5 минут) | «Сені көргеніме қуаныштымын, себебі.....» оқушылар өздерінің қасындағы оқушылардың жақсы жақтарын айтады. «Жылы және суық» жылы және суық түстер арқылы оқушыларды топқа бөлу<br>Атау туралы үш сұрақ 1. ҚАЙДА? Бұл терминдерді бұрын қайда және қандай мағынада кездестіріп едің? 2. ҚАЛАЙ? Өз тәжірибеңде бұл атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласың ба? 3. ҚАНДАЙ? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсың?                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Түрлі түсті доптар<br><br>«Атау туралы 3сұрақ»                                            |
| Сабақтың ортасы (20)    | «Бірге ойлаймыз» Білу кезеңі: 1.Ақпарат деген не? 2. Ақпараттың қандай түрлері бар? 3.Адам ақпараттың қандай түрлерін пайдалана алады? 4.Адам ақпаратты қайда және қалай сақтайды? 5.Жеткізушіден қабылдаушыға қандай ақпарат беріледі? "Ақпарат" сөзі латынның түсіндіру, баяндау, мәлімет деген ұғымдарды білдіретін informatio сөзінен шыққан.Қазіргі кезде ақпарат күнделікті тұрмысқа, ғылымның әр түрлі философия, экономика физика, математика, информатика т.б салаларында кеңінен енді. Ақпаратты біз жазбаша немесе ауызша, тіпті қимыл-қозғалыс түрінде бере аламыз. "Ақпарат " деген сөз белгілі бір хабардың ,жаңалықтардың өткен оқиғалардың мазмұнын білдіреді. Тірі организмнің құрылысын зерттеу де бізге көп ақпарат береді.<br>"Түстер" Сергіту сәті | Таратпа материалдар «Бірге ойлаймыз» Видео, сурет «Сен маған, мен саған»<br><br>Слайд-шоу |

| Сабақкезеңдері              | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Ресурстар                                                |
|-----------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------|
| Сабақтың соңы<br>(10 минут) | <p>5e427f8c457c2.png</p> <p>Image not found or type unknown</p> <p>Практикалық жұмыс: 1. Ақпарат тақырыбында 5 жолды өлең 2. Деңгейлік тапсырмаларды орындау</p>                                                                                                                                                                                                                                                     | Компьютер                                                |
| Рефлексия<br>(5 минут)      | <p>«Бір ауыз сөз» /сабақты бағалау/ Бүгінгі өткен сабақты бағала. Қажетті сөздер: Ұнады, қажет, пайдалы, білдім, үйрендім ,қызықтым, есте сақтадым “Менің баспалдағым” /оқушылардың өзін бағалауы /</p> <p>5e4280423f16c.png</p> <p>Image not found or type unknown</p> <p>Миыңның суретін сал. Оқушылар мидың суретін дәптерге салады да оны сабақ кезінде меңгерген білімдерін білдіретін сөздермен толтырады.</p> | <p>Стикерлер баспалдақ</p> <p>Ми суреті Қағаз, қалам</p> |